

Б.Мырзағұлова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы

**МӘСЛИХАТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ**

*В статье освещаются вопросы организации и функционирования местных представительных органов Республики Казахстан. Автор анализирует законодательные акты, регламентирующие правовой статус маслихатов. Статья написана на основе изучения новейшего конституционного законодательства и поправок в Конституцию Республики Казахстан от 21 мая 2007 г.*

*The article illuminates questions of organization and functioning of local representative agency of the Republic of Kazakhstan. The author analyses legislative acts, which regulation the legal status of maslihats. The article was written on basis of studying the new constitutional legislation and amendment in Constitution of the Republic of Kazakhstan from the 21 of may 2007.*

Бүгінгі таңда Қазақстан саяси жүйенің реформалық сатысындағы демократиялық нысанды дамыту арқылы азаматтардың қатысуымен әлеуметтік, экономикалық мәселелерді демократиялық өкілетті орган арқылы шешуге бағытталған. Қазіргі кезде мәслихаттардың жұмыс істеу тәжірибесі жинақталып анықталған, 10 жылдық мерзімнен астам уақыт ішінде бұл тәжірибе өкілетті биліктің әрі қарай дамуына құнды болып табылмақ.

Уақыт нормативтік-құқықтық базаны талдауды сын көзбен қарауды керек етеді, осыған орай өкілетті билік органының мәнісіне радикалды өзгерістер енгізу қажет болып табылады. Мәслихат өкілеттігі мен мәртебесін, атап айтқанда, тәртібі мен оның нысаны және құрылымы әділетті сын айтуымен, отандық саяси-ғылыми көзқараспен, сонымен қатар олар жергілікті өкілетті органдар — бұл сайланбалы тұрғылықты жалғыз орган болып табылатындықтан, бірақ қазіргі заманда ешқандай мәселелерді бұл аталған аймақтарда атсалыспай тұр. Мәслихаттардың өкілеттік демократиясын бірден-бір жандандырып дұрыс жұмыс істеуіне септігін тигізетін саяси жергілікті институттардың жоқтығынан, өзін-өзі ұстап тұратын және тепе-теңдік тежемілік қағидасын тармағының болмауынан, демократиялық мәслихаттың бірден-бір жолын ашу көзі болмай отыр.

Қандай да мемлекет болмасын, олар заң атқару және соттың билігінсіз өмір сүру мүмкін емес. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мәслихат деген атау пайда болды, ол жергілікті өкілді орган, облыстың халқы сайлаған, халықтың еркін білдіретін ҚР-ның Заңына сәйкес, халықтың еркін жүзеге асырып отыратын және оны бақылап қадағалап отыратын орган. ҚР «Қазақстан Республикасының Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңына сәйкес 23 қаңтар 2001 жылғы мәслихаттарды тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің халқы жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде, жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге сайлайды. Қазіргі жұмыс істеп тұрған отанымыздың заңына сәйкес, қаржылық, экономикалық негізді құрайтын жергілікті бюджет, демек, өзінде анықталған тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністегі бюджет болып табылады. Мүлік коммуналды, заңды тұлғаларға бекітілген, мүлік, демек, мүлік заңды мамандандырылған адамдардың басқару жұмыстарын атқарылу үшін бекітіліп берілген мүлік және ҚР-ның заңына сәйкестендірілген өзге де мүліктер құрайды.

Мемлекеттік саясат, жергілікті мемлекеттік саясат, жергілікті өкілді органдардың ара қатынасында, мәслихаттардың құзыреттілігіне оларға құқықтық ой-өрісі мен міндеттерінің шекараларын анық белгілеп берді. Сондай-ақ іс жүзіндегі қолданыстағы заңға сәйкес мәслихаттардың қызметінің негізгі нысандарын анықтап, оларға жататындар, шешім қабылдауға жатпайтын жағдайлар, жалпы мемлекеттік ішкі және сыртқы, қаржы және инвестициялық саясатқа қайшы келетін саясаттарға тән жайт деп анықтайды.

Демек, ҚР-ның ұлттық қауіпсіздігін сақтап, оның мүддесін қорғау көздеу керек, қабылданған шешімдер жалпы мемлекеттік стандартқа сәйкес келуі қоғамдық қолданыс төңірегіндегі қызметтердегі азаматтардың заңды мүддесі мен құқықтарын сақтап қорғау, жалпыға бірдей еңбек рыногын ұйымдастыруға, капиталға қарсы келетін, қаржы жүйесіне, тауарлардың айырбастау кезіндегі және олардың қызметтеріне қарсы келетін, ҚР-ның аумағында, сондай-ақ ҚР-ның Стратегиялық даму жоспарына қарсы келетін шешімдерді ешқашан қайтаруға рұқсат берілмейді.

Мәслихат депутаты болып Қазақстан Республикасының жиырма жасқа толған азаматы сайлана алады. Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, ҚР-ның азаматы тек қана бір мәслихаттың

депутаты бола алады. Әрбір мәслихаттардың санын Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы анықтап және ол төмендегідей болуы мүмкін: облыстық мәслихатта, Астана және Алматы қалалық мәслихаттарында — елуге дейін; қалалық мәслихатта — отызға дейін; аудандық мәслихатта жиырма беске дейін белгіленеді. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы белгілеген оның депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үші сайланған жағдайда мәслихат заңды болып есептеледі. Мәслихат депутаттарының сайлану уақыты бекітіледі. Мәслихаттың өкілеттілігі бірінші сессия ашылған сәттен басталып және жаңадан сайланған мәслихаттың бірінші сессиясының жұмысы басталғанда аяқталады. Әкімшілік-аумақтық бөлініс қайта ұйымдастырылған (біріккен, қосылған, қайта құрылған, бөліп шығарылған немесе бөлінген) жағдайда жаңадан сайланған мәслихат сессиясының жұмыс бастылғанға дейін мәслихат депутаттары өз өкілеттігін сақтайды және құрамына өз сайлаушыларының басым бөлігі кірген, қайта ұйымдастырылған мәслихаттардың депутаттары болып табылады.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс таратылған жағдайда тиісті мәслихат таратылады. Сонымен қатар мәслихаттың заңды тұлға құқығы болмайды, бірақ ол дербес мемлекеттік орган болып көрініс тауып және ол жергілікті жердегі халықтың мұң-мұқтажын қарастырып шешіп отырады. Мәслихат депутаттарының үштен екі бөлігінің даусымен әкімге сенімсіздік білдіруге құқылы. Қазақстан Республикасының Президентіне ол әкімнің босатылуын талап ете алады немесе одан жоғары тұрған әкімге орнынынан босатылуын талап ете алады. Жергілікті бюджеттің, экономикалық және әлеуметтік даму жоспарының сол аумақта орындалмауы және екі дүркін әкімнің есебін мәслихат депутаттары бекітпесе, әкімге сенімсіздік беру көрінісін береді.

Қолданыстағы заңға сәйкес, мәслихат депутаты құқылы; өзі сайлайды және мәслихат сессиясының төрағасы бола отырып, мәслихаттың өзге де органдарына сайлана алады.

Мәслихат сессиясы мен оның тұрақты комиссияларында, өзге де органдарды қарау үшін мәселелер ұсынуға, және шешімдер қабылдауға қатысуға депутат құқылы болып табылады. Сонымен қатар өз округінің сайлаушыларымен, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және ұйымдар мен мекемелер кездесулер мен жиналыстар енгізуге; сессияда тиісті мәслихат аумағында орналасқан жергілікті атқарушы орган мен ұйымдардың лауазымды адамдарының мәслихаттың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша есептерін тыңдау туралы ұсыныстар енгізуге; тиісті акимат отырыстарының жұмысына қатысуға, мәслихат пен оның органдары отырыстарының хаттамаларымен танысуға, саяси партиялардың депутаттық тобы түрінде депутаттық бірлестіктер құруға құқылы. Депутаттық топ мәслихаттың кем дегенде бес депутатын біріктіруі тиіс. Саяси партиялардың депутаттық тобын тіркеу мәслихат сессиясында жүзеге асырылады. Саяси партиялардың депутаттық тобының өкілеттілігі, қызметін ұйымдастыру мәслихаттың регламентінде белгіленеді.

Сонымен қатар депутат мәслихаттың және өз құрамына сайланған оның органының жұмысына қатысуға міндетті.

Заңға сәйкес мәслихат хатшысы мәслихат сессиясын және оның қарауына енгізілетін мәселелерді әзірлеуді ұйымдастырады, хаттама жасалуын қамтамасыз етеді және сессия төрағасымен бірге мәслихат сессиясында қабылданған немесе бекітілген шешімдерге, өзге де құжаттарға қол қояды; мәслихат депутаттарының өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына жәрдемдеседі, депутаттарды мәслихат сессияларына, оның тұрақты комиссияларының және өзге де органдарының жұмысына және сайлау округтеріндегі жұмысқа қатысуы үшін қызметтік міндеттерін орындаудан босатуға байланысты мәселелерді қарайды; депутаттар сауалдарының депутаттық өтініштердің қаралуын бақылайды; мәслихат аппаратының қызметіне басшылық жасайды, оның қызметтерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады; сайлаушылар өтініштер туралы және олар бойынша қабылданған шаралар туралы мәслихатқа үнемі ақпарат беріп отырады; мәслихаттың жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимылын ұйымдастырады; өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкімдер шығарады; мәслихаттың тұрақты комиссияларымен, өзге де органдарының және депутаттық топтардың қызметін үйлестіреді, сондай-ақ мемлекеттік органдармен, ұйымдармен жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен қарым-қатынастарда мәслихат атынан өкіл болады; мәслихат шешімдерінің жариялануын қамтамасыз етеді, олардың орындалуына бақылау жасау жөніндегі іс-шараларды белгілейді.

Мәслихат хатшысының мәслихаттың тұрақты комиссияларында болуға құқығы жоқ. Мәслихаттың хатшысы болмаған кезде оның өкілеттігін мәслихат сессиясы төрағасының шешімі бойынша мәслихат тұрақты комиссияларының бірінің төрағасы уақытша жүзеге асырады. Мәслихаттардың ұйымдасуы ҚР-ның Конституциясымен уақыт тәртібі белгіленеді және ҚР-ның

«Қазақстан Республикасының сайлау туралы» Заңымен, ҚР-ның «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару туралы» және осы Заңның өзге де нормаларымен реттеледі.

Конституция мазмұнында мәслихаттың ұйымдасуына арналған бірнеше нормалар бар. Оларда көрсетілгендей, мәслихаттарды тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністе облыстық қаланың халқы жалпыға бірдей.

ҚР Конституциясы «Қазақстан Республикасының сайлау туралы» Заңы мәслихаттардың жан-жақты сайлануын уақыт тәртібін реттейді.

ҚР-ның «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңында конституциялық жағдайлары қайталанып және «Сайлау туралы» Заңында көрсетілгендей, мәслихат депутаттарының сайлануы республикалық сайлау туралы заңымен күн тәртібі реттелетіндігін көрсетеді.

Мәслихат тек мемлекеттік өкілді орган болып сайланады, заңды тұлғалық құқығы болмайды, қандай да бір шаруашылық акцияларды жүзеге асырмайды. Бұл түсінікті. Кім болмасын, қандай жағдай болмасын, шаруашылық акцияларды жүзеге асырмайды. Мәслихат мемлекеттік орган болып табылып, мемлекеттік-құқықтық мәселелерді шешетін және барлық халықтың, азаматтардың әлеуметтік, экономикалық ұлттық жағдайларына қарамастан, еркін білдіреді.

ҚР-ның «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 6-бабында мәслихаттың жалпы құзыреттілігінің облыстық, қалалық және аудандық, барлық деңгейіне өз мазмұнын береді [1]. Бұл мәслихаттардың осы сұрақтардың барлығына біркелкі түрде жауап беретіндігін білдірмейді. Олар жергілікті өкілді органның жүйесінің араласуына байланысты мәслихатта шешіледі. Бұл құзыреттіліктерді екі топқа бөліп қарастыруға болады: атқарушы органдар мен құзыреттілік және айрықша құзыреттілік сұрақтарды қарастырып, бекіту.

Бірінші топтағы құзыреттілікке қатысты [2]:

- тиісті аумақты дамытудың жоспарларын экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және атқарылуы туралы есептерді бекіту, соның ішінде республикалық маңызы бар қалада (астанада), ауданда, кентте, ауылда (селоны), ауылдық селолық округте;
- тиісті аумақтарда қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалану жөніндегі бағдарламаларды және қоршаған ортаны қорғау, сауықтыру жөніндегі шығыстарды бекіту, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдарға сәйкес өзге де мәселелерді шешу;
- әкімнің ұсынуы бойынша әкімшілік-аумақтық бөліністі басқару схемасын бекіту;
- өздерінің қарауына жатқызылған әкімшілік-аумақтық құрылыс және жергілікті қауымдастық ұйымның шекараларын айқындау мәселесін шешу;
- халықтың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу кедейлік пен күрес бағдарламаларын бекіту.

Бұл мәслихаттың құзыреттілігі анықталған негізде қорытындыға келуге мүмкіндік береді.

Мәслихаттар тиісті аумақта экономикалық, қаржылық және әлеуметтік сұрақтар шешіміне белсенді қатысып, осыған орай өз үлестерін енгізуге құқылы.

Оларға жоспарлар мен бағдарламалардың бекітілуі жай ғана бекітілмей, сонымен қатар олардың қызметі туралы есептерді тыңдау мен жоспарлар мен бағдарламалар өзге де мәселелерді шешу. Қазіргі кезде Қазақстанның барлық аймақтарында төтенше жағдайға қоршаған ортаны қорғау өткір мәселе туындап отыр. Қоршаған ортаның жақсаруына мәслихаттарға жетерліктей құзыреттілік берілген. Қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану, табиғат байлықтарын қарқынды деңгейде пайдаланатын және жиі ластанатын қоршаған ортасында олардың белсенділігі мен жұмысты әзірлеу мен бағдарламаларды жүзеге асыруының нәтижесінде қоршаған ортаны қорғауға болады.

Мәслихаттар өздерінің маңызды құзыреттіліктерін деңгейлік негізде жүзеге асырмайтындығын, атап айтқанда, жалпы мемлекеттік мүдделер мен халықтың еркін білдіріп, қорғамайтындығын сенімді бекітіп айтуға болады. Мәслихаттың осындай қатынаста болуы олардың құзыреттіліктері мен беделін көтермейтіндігі белгілі.

Мәслихаттың ерекше құзыреттілігіне қатысты:

- өздерінің қарауына жатқызылған әкімшілік-аумақтық бөлініс және жергілікті қауымдастық ұйымның мәселелерін шешу;
- атқарушы органдар басшыларының есептерін қарау және тиісті органдарға мәслихат шешімдерін орындамағаны үшін мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарын, сондай-ақ ұйымдарды жауапқа тарту мен ұсыныстарын енгізу;

- ҚР-ның Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексіне сәйкес бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық белгіленетін ережелерді бекіту;
- заңдарға сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыру;
- жер заңдылықтарына сәйкес жер қатынастарын реттеуді жүзеге асыру;
- азаматтар мен ұйымдардың ҚР-сы Конституциясының, заңдарының, ҚР Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік-құқықтық актілерінің орындалуына жәрдемдесу.

Екінші топтағы құзыреттілік тек қана мәслихаттың өзімен пайда болып, нормативтік-құқықтық және ұйымдық нысанда білдіріледі.

Президент алдында әкімге сенімсіздік білдіріліп, оны қызметтен босату туралы, сұрақты қоюға мәслихат құқылы, егер әкім оларға қатысты тағайындалса, одан жоғары тұрған әкімге ұсынуға болады.

Мәслихаттар ұйымдық қатынаста өздеріне берілген құзыреттілікте әкімшілік-аумақтық бөліністің сұрақтарын шешеді. Мәслихаттың бұл құзыреттіліктері нормативтік-құқықтық қатарында нақты бекітілген. Норма шығармашылық мәслихаттардың құзыреттілігінде жер қатынастарын реттеуде ҚР-ның «Жер туралы» Заңына сәйкес әкімшілік жауапкершілік бекітілуінде, әкімшілік құқықбұзушылық қатарында маңызды.

Мәслихаттың қабылдаған актілері шешімдер деп аталады. Олар нормативтік-құқықтық та және нормативтік емес те бола алады.

Мәслихаттың азаматтық құқықтарына бостандықтары мен міндеттеріне қатысты шешімдерін заңда белгілеген тәртіпте Әділет министрлігінің аумақтық органдарының мемлекеттік тіркеуіне жатады.

Егер де мәслихат ҚР-ның Конституциясы мен заңдарына сәйкес келмейтін шешімдерін мәслихаттың өзінің жоюы не сот тәртібімен жойылуы мүмкін. ҚР-ның «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңның 6-бабында мәслихаттардың кейбір құзыреттіліктері буындарға бөліп көрсетілген.

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттарының құзыретіне жататындар: 1) облыстық аудандық жоспарлау схемасын, облыс орталығын, республикалық маңызы бар қаланы және астананы салудың бас жоспары жобасын бекіту туралы ҚР-ның Үкіметіне ұсыныс енгізу; 2) әкімшілік аудандардың аудандық жоспарлануы жобаларын, облыстық (облыс орталықтарынан басқа) және аудандық маңызы бар қалаларды салудың бас жоспарларын бекіту де жатады. Аудандық мәслихаттар құзыретіне қалалар, тиісті аумағында орналасқан кенттер мен ауылдар салудың бас жоспарларын бекіту де жатады.

Сонымен қатар облыстардың республикалық маңызы бар қалалардың және ҚР-сы астанасының мәслихаттары тиісті акиматтардың ұсыныстары бойынша ҚР-ның заң актілеріне сәйкес қарыз алу туралы шешімдер қабылдауға құқылы.

Мәслихат сессиясының төрағасы — өкілетті органның басты жетекші тұлғасы, босатылмаған негізде өзінің басты қызметін атқарып, депутаттардың арасынан сайланады. Оның міндеттерінің бірі болып сессияның дайындалуына жетекшілік етіп, сессияның шақырылу күнін қалыптастырады.

Бұл мәслихаттың жұмысындағы басты саяси, ұйымдастырушылық сәті болып табылады. Депутат өзінің жұмысын орындауда, сонымен қатар өзінің негізгі міндетті жұмысын орындаудан босатылмай, ең жоғарғы билік органы мен сессияның дайындалуына депутат қалай жетекшілік етеді. Мәслихаттың хатшысы тұрақты негізде жұмыс істейтін лауазымды адам болып табылып, оны мәслихат сессиясында депутаттардың арасынан сайлап, мәслихат сессиясының дайындалуы мен ұйымдастырылуын және оның сұрақтарын қарастырумен айналысады. Сондықтан өзінен-өзі мынадай нәтижеге әкеліп соқтырады:

Мәслихатта төрағалық қызметті босатылған негізде атқару мәслихат сессиясында төрағалық қызмет пен хатшылық қызметті біріктіріп немесе мәслихат сессиясында төрағалық құзыреттілікті хатшы қызметіне ауыстыру.

Мәслихат аппараты қадағалау функциясын жүзеге асыруға тырысады, бірақ сайланушы орган ретінде танылмай, сайлаушылардың еркін білдіре алмайды [3].

Бүгінгі күннің депутаттары көптеген себептердің салдарынан өздерінің алға қойылған мақсаттарын іске асыра алмай отыр. Кімде кім тұңғыш рет дауысқа салып, шынайы сеніп, олардың жоғарғы жағдайды иеленуі мен олар шақырған уақытта сайлаушылардың көзқарасымен қарағанда оларға берген үмітін атқара алады. Мәслихатқа қатысты құзыреттілік жетерлік. Облыстық, қалалық

және аудандық мәслихаттардың тізбесінің функциясының айырмашылығы байқала қоймайды, ал құзыреттілік жағынан алып қарағанда түсініксіз көрінеді. Егер де атқарушы органдар анық белгіленген тікелейлікті иеленсе, онда мәслихаттар бір-бірімен өзара әрекеттестікке түсе алмайды. Бір жағынан алып қарағанда, әрбір мәслихат тұрақтылықты иеленіп, басқаша айтқанда, — олар қандай да бір әдістемелік және тәжірибелік көмектен құр қалады. Бұл жұмысты, ереже сияқты, алып қарағанда ерікті түрде мәслихат аппараты өзіне жүктейді. Осылайша өкілді органдар, атқарушы жергілікті мемлекеттік басқару мен бірлесуіне жол ашып, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіне шектеулі түрде жазыла алып, тиісті аумақтағы, бюджетті бекітіп, жоспармен әлеуметтік-экономикалық бағдарламаның дамуына, ведомстволық облыстық жетекшілерін тағайындап және басшыны (әкімді) сайлау арқылы жүзеге асырады.

Ең тікелей байланыста болашақта мәслихаттар ауылдық, кенттік аумақтар мен қалалық ықшам аудандарымен болу керек.

Мәслихаттардың құзыреттілігіне құқық шығармашылық қызметі де жатады. Осылайша, мәслихаттың негізгі актісі болып өзінің құзыреттілігінің сауалнамаларының жарлығын шығарып, осында мәслихаттың шешімдері көрініс табады. Мәслихат шешімдерінің жобаларына, жергілікті бюджет кірістері мен қысқартумен немесе жергілікті бюджеттің шығысын ұлғайтуды қарастыру әкімнің қорытындысымен мақұлданған жағдайда ғана енгізілуі мүмкін.

Өзінің құзыреттілігіне байланысты мәслихат азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына және міндеттеріне қатысты қабылдаған шешімдері ресми түрде жарияланып, анықталған заңдылыққа сәйкес тиісті аумақта атқарылуы міндетті болып табылады. Мәслихаттың жалпыға міндетті мәні мен ведомстволық сипаттағы немесе азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына және міндеттеріне қатысты шығарылған шешімдері мен анықталған заңдылыққа сәйкес, аумақтағы мемлекеттің тіркелуіне жатады. Мәслихаттар Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдарына сәйкес келмейтін шешімдерін мәслихаттың өзінің жоюы немесе сот тәртібі мен жойылуы мүмкін.

#### Әдебиеттер тізімі

1. *Баишев Ж.Н.* Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы: Оқу-әдіст. құрал. — Алматы: Жеті жарғы, 2001.
2. ҚР Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңы. — 2001. — 23 қаңт.
3. *Сағындықова А.Н., Жанұзақов Л.Т.* Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді органдарын қалыптастырудағы кейбір мәселелер // ҚР Қоғамдық ғылымы. — 1999. — № 4.